

Республикалық микроорганизмдер коллекциясы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 30 шілде N 850

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Денсаулық сақтау министрлігімен және Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп:

1) өнеркәсіптік және патогендік микроорганизмдердің ақпараттық дерекқорын есепке алу мен бақылауды, қалыптастыру мен жандандыруды қамтитын Қазақстан Республикасындағы микробиологиялық мониторинг пен биологиялық қауіпсіздік жүйесін және биологиялық ластанулардың әсер ету зардаптарының алдын алу, оқшаулау және жою жөніндегі ұйымдастыру-әдістемелік іс-шаралардың кешенін қ ұ р с ы н ;

2) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасындағы микробиологиялық мониторинг ережесін әзірлесін және бекітсін;

3) өнеркәсіптік микроорганизмдердің депоненттелген штаммдары мен аса қауіпті инфекциялар қоздырғыштарының қатаң есебін және дұрыс сақталуын қамтамасыз етсін ;

4) материалдардың биоластануына күмәнді инфекциялардың күдік туғызатын көздерін уақтылы және білікті зерттеулердің стандартты әдістерін әзірлесін және б е к і т с і н ;

5) өнеркәсіптік микроорганизмдер мен аса қауіпті инфекциялар қоздырғыштарының бірыңғай ақпараттық дерекқорын құрсын.

2. Мыналар республикалық микроорганизмдер коллекциясының функцияларын жүзеге асыратын органдар болып белгіленсін:

өнеркәсіптік микроорганизмдер бойынша - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Республикалық микроорганизмдер коллекциясы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

аса қауіпті инфекциялар қоздырғыштары бойынша - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің «Масфұт Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық жұқпалар ғылыми орталығы» республикалық қазыналық кәсіпорны, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.10.12 N 1060 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.02.2013 № 82 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің «Масғұт Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық жұқпалар ғылыми орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны аса қауіпті инфекциялар қоздырғыштарының депозитарийлері болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Қазақ тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ұлттық биотехнология орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны өнеркәсіптік микроорганизмдердің депозитарийлері болып белгіленсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.10.12 N 1060 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.02.2013 № 82 қаулысымен.

4. "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 513-құжат) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулыға 1-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 20-жолмен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"20. Аса қауіпті инфекциялар қоздырғыштары мен өнеркәсіптік микроорганизмдер коллекциясы және депозитарийлері".

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі